

Мәслихаттың 2025 жылғы 26 желтоқсандағы № 348 «Жітіқара ауданының 2026-2028 жылдарға арналған аудандық бюджеті туралы» шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Жітіқара аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Мәслихаттың «Жітіқара ауданының 2026-2028 жылдарға арналған аудандық бюджеті туралы» 2025 жылғы 26 желтоқсандағы № 348 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 221214 болып тіркелген) шешіміне мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«1. Жітіқара ауданының 2026-2028 жылдарға арналған аудандық бюджеті тиісінше 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2026 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 6 796 603,2 мың теңге, оның ішінде:
салықтық түсімдер бойынша – 3 746 885,0 мың теңге;
салықтық емес түсімдер бойынша – 69 261,0 мың теңге;
негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер бойынша – 112 409,0 мың теңге;

трансферттер түсімі бойынша – 2 868 048,2 мың теңге;

2) шығындар – 7 154 705,0 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 617 116,6 мың теңге, оның ішінде:

бюджеттік кредиттер – 855 678,6 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 238 562,0 мың теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0,0 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – -975 218,4 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 975 218,4 мың теңге.»;

6-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«6. Жітіқара ауданының жергілікті атқарушы органының 2026 жылға арналған резерві 9 413,7 мың теңге сомасында бекітілсін.»;

8-тармақ мынадай мазмұндағы 18) тармақшамен толықтырылсын:

«18) мүгедектігі бар адамдарға арналған гигиеналық құралдар (жөргектер).»;

көрсетілген шешімнің 1, 2-қосымшалары осы шешімнің 1, 2-қосымшаларына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

**Жітіқара аудандық
мәслихатының төрағасы**

Н. Уразалинов